

## **«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығымен  
бекітілген форматқа сәйкес бухгалтерлік  
ақпарат құралдарында жариялау мақсатына  
арналған.

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
жылдық шоғырландырылған қаржылық  
есептік нысандары

## **«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығымен бекітілген  
форматқа сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында  
жариялау мақсатына арналған  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
жылдық шоғырландырылған  
қаржылық есептілік нысандары

## «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### МАЗМҰНЫ

---

#### Беттері

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ	2-3
2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫ	
Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс (№1 форма)	4-5
Пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есеп (№2 форма)	6-7
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (№3 форма)	8-10
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп (№4 форма)	11-15
Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына түсіндірме жазба	16-54

## «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») басшылығы Компания мен оның еншілес ұйымдарының (әрі қарай – «Топ») 2016 ж. 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын сондай-ақ сол күні аяқталған жыл іші оның шоғырландырылған қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысы және капиталдың өзгеруін Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес шынай көрсететін және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығымен бекітілген («№143 бұйрық») ұйымдардың бұқаралық ақпарат құралдарында бұқаралық мүдделермен байланысты жариялау мақсатына арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысандарын дайындауға жауапты.

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысандарын даярлау кезінде басшылық төмендегілер үшін жауап береді:


- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаларын таңдап, оларды ретті қолдануға;
- ақпаратты, оның ішінде есептік саясат туралы мәліметтерді, осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, сәйкестігі мен түсініктілігін қамтамасыз ететін формада ұсыну;
- ХҚЕС талаптары есептілік қолданушыларының қандай да бір келісімдер, сондай-ақ өзге оқиғалар мен шарттар Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне жасайтын әсерін түсіну үшін жеткіліксіз болатын жағдайларда қосымша ақпаратты ашу;
- №143 Бұйрықпен бекітілген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік форматын сақтау, сондай-ақ оның негізінде даярланған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-пен сәйкестілікке келтіру;
- Топтың таяу келешекте қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Сонымен қатар, басшылық келесілер үшін жауап береді:

- Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қызметін қамтамасыз ету;
- есепті Топтың келісімдерін ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретіндей формада жүргізу, сондай-ақ кез келген күнге Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен ұсыну және №143 Бұйрықпен бекітілген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік форматын сақтау, сондай-ақ оның негізінде даярланған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-пен сәйкестілікке келтіруді қамтамасыз ету; бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасы мен ХҚЕС заңнамасына сәйкес жүргізу.
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды іс-шаралар қабылдау; және
- қаржылық және өзге келеңсіздіктерді анықтау және алдын алу.

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формасы «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының басшылығымен 2017 ж. 20 ақпанда бекітілді.

Топ басшылығының атынан:

  
Э.Б. Исаков  
Президенттің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

Астана қ., Қазақстан Республикасы

  
Э.М. Ахмүрзин  
Қаржы жөніндегі вице-  
президенттің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

  
Д.Т. Капизова  
Бас бухгалтердің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

## **ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ФОРМАЛАРЫ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ**

«Қазтеміртранс» АҚ акционеріне

### **Пікір**

Біз «Қазтеміртранс» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарының (әрі қарай – «Топ») 2016 ж. 31 желтоқсандағы ахуал бойынша осы күнмен аяқталатын жыл үшін қоса берілген №1, №2, №3, №4 формалардан тұратын жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формаларына, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі ережелерінен тұратын ескертулер мен өзге түсініктемелік ақпаратқа аудит жүргіздік. Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формалары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығына сәйкес даярланды.

Біздің ойымызша, 2016 ж. арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формалары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығына сәйкес барлық мәнді қырлары бойынша шынайы әзірленген.

### **Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формаларын дайындау негізі және қолдану шектеулері**

Өз пікірімізге өзгерту енгізбестен, біз жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формаларына қоса берілген 2 Ескертпеге назар аударамыз, онда оны дайындау негізі көрсетілген. Жылдық қаржылық есептіліктің шоғырландырылған формалары Топтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығын орындауы үшін даярланған. Нәтижесінде жылдық қаржылық есептіліктің шоғырландырылған формалары өзге мақсаттар үшін жарамсыз болуы мүмкін.

### **Өзге мәліметтер**

Топ 2016 жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес даярлады. Біз ол есептілік бойынша аудиторлық пікірді 2017 ж. 20 ақпанда шығардық.

### **Басшылық жауапкершілігі**

Басшылық осы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формаларының мәліметтерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығына сәйкес дайындауға, сондай-ақ келеңсіз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан мәнді ауытқушылықтарсыз жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формаларын дайындау үшін қажетті деп есептейтін ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

## Аудитор жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз – өзіміз жүргізген аудит негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің растығы туралы пікірімізді білдіру. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткіздік. Осы стандарттар аудиторлардың этикалық нормаларды сақтауын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілігінің елеулі бұрмалауларсыз қисынды түрде сенімді болу үшін аудитті тек солай жоспарлау және жүргізуді талап етеді.

Аудитке шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі санды көрсеткіштерді және ондағы ақпараттың ашып көрсетілуін растайтын аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдерді жүргізу кіреді. Рәсімдерді таңдау нашар істелген әрекеттер мен қателер салдарынан қаржылық есептілігінің елеулі бұрмалаулар тәуекелдерін бағалауды қоса аудитордың кәсіби пайымдауына байланысты. Осындай тәуекелдерді бағалау барысында аудиторлар ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіруге емес, осы жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді дайындау мақсатында шоғырландырылған қаржылық есептілігінің жасалуын және растығын ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Сонымен қатар, аудитке қолданылып отырған есеп саясатын және басшылықпен жасалған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін тиісті сипатта бағалау, сондай-ақ жалпы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің берілуін бағалау кіреді.

Біз өзіміз алған аудит дәлелдер пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті негіз болатынына сенеміз.



Алуа Есимбекова  
Жоба бойынша серіктес  
Қоғамдық бухгалтер  
Нью Гемпшир штаты, АҚШ  
2014 жылғы 12 маусымдағы  
№07348 лицензия



Дәулет Қуатбеков  
Білікті аудитор  
2002 жылғы 15 ақпандағы  
№0000523 біліктілік куәлігі,  
Қазақстан Республикасы



«Делойт» ЖШС  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген  
Қазақстан Республикасында  
аудит өткізу құқығын беретін  
№0000015 лицензия, түрі МФЮ-2



Нұрлан Бекенов  
«Делойт» ЖШС  
Бас директоры

20 ақпан 2017 ж.  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

2016 ж. 31 желтоқсандағы ахуал бойынша  
шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерім  
№1 Форма

Ұйымның атауы: «Қазтеміртранс» АҚ

Қайта ұйымдастыру туралы мәліметтер: -

Ұйымның қызмет түрі: Қазақстан Республикасында және оның сыртында вагон операторы, вагондарды жалға беру, көліктік және экспедиторлық қызметтерді ұсыну бойынша қызметтер көрсету

Ұйымдастырушылық-құқықтық формасы: Акционерлік қоғам

Есептілік формасы: шоғырландырылған

Жұмыскерлердің орташа жылдық саны: 2,011 адам

Кәсіпкерлік субъектісі: ірі

Ұйымның заңды мекен-жайы: Астана қ., Қонаев к-сі, 10 үй.

мың теңге

Активтер	Тар-мақ коды	Есептік кезеңнің соңына	Есептік кезеңнің басына
<b>I. Қысқа мерзімдік активтер</b>			
Ақшалай қаражат және оның баламалары	010	955,711	5,835,467
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер	011	-	-
Туынды қаржылық құралдар	012	-	-
Пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер	013	-	-
Өтеу үшін ұсталынатын қаржылық активтер	014	-	-
Өзге қысқа мерзімдік қаржылық активтер	015	99,270	125,953,154
Қысқа мерзімдік сауда және өзге дебиторлық қарыз	016	10,758,893	10,584,426
Ағындағы кіріс салығы	017	133,184	89,376
Қорлар	018	5,150,651	4,582,994
Өзге қысқа мерзімдік активтер	019	3,404,055	7,372,989
<b>Жиын қысқа мерзімдік активтер (010-019 тармақтарының сомасы)</b>	<b>100</b>	<b>20,501,764</b>	<b>154,418,406</b>
Сатуға арналған активтер (немесе шығып қалушы топтар)	101	8,667,579	5,119,899
<b>II. Ұзақ мерзімдік активтер</b>			
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер	110	-	-
Туынды қаржылық құралдар	111	-	-
Пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер	112	-	-
Өтеу үшін ұсталынатын қаржылық активтер	113	-	-
Өзге ұзақ мерзімдік активтер	114	-	-
Ұзақ мерзімдік сауда және өзге дебиторлық қарыз	115	-	-
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар	116	-	3,464,364
Инвестициялық мүлік	117	-	-
Негізгі қаражат	118	353,412,403	377,783,518
Биологиялық активтер	119	-	-
Барлау және бағалау активтері	120	-	-
Материалдық емес активтер	121	448,740	615,248
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	122	390,572	272,976
Өзге ұзақ мерзімдік активтер	123	1,881,219	4,283,091
<b>Жиын қысқа мерзімдік активтер (110-123 тармақтарының сомасы)</b>	<b>200</b>	<b>356,132,934</b>	<b>386,419,197</b>
<b>Теңгерім (100+101+ 200 тармақтар)</b>		<b>385,302,277</b>	<b>545,957,502</b>

**2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша  
шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерім (жалғасы)**


мың теңге

	<b>Тар- мақ коды</b>	<b>Есептік кезеңнің соңына</b>	<b>Есептік кезеңнің басына</b>
<b>Міндеттемелер және капитал</b>			
<b>III. Қысқа мерзімдік міндеттемелер</b>			
Қарыздар	210	68,966,340	19,581,274
Туынды қаржылық құралдар	211	-	-
Өзге қысқа мерзімдік қаржылық міндеттемелер	212	-	120,112,170
Қысқа мерзімдік сауда және өзге кредиторлық қарыз	213	9,514,585	8,065,280
Қысқа мерзімдік қорлар	214	-	-
Кіріс салығы бойынша ағымдағы салықтық міндеттемелер	215	-	-
Жұмыскерлерге сыйақылар	216	19,060	18,014
Өзге қысқа мерзімдік міндеттемелер	217	3,428,851	6,526,447
<b>Жиын қысқа мерзімдік міндеттемелер (210-217 тармақтар)</b>	<b>300</b>	<b>81,928,836</b>	<b>154,303,185</b>
Сатуға арналған шығушы топтардың міндеттемелері	301	3,638,088	-
<b>IV. Ұзақ мерзімдік міндеттемелер</b>			
Қарыздар	310	454,242,480	527,730,859
Туынды қаржылық құралдар	311	-	-
Өзге ұзақ мерзімдік қаржылық міндеттемелер	312	-	162,622
Ұзақ мерзімдік сауда және өзге кредиторлық қарыз	313	-	-
Ұзақ мерзімдік қорлар	314	322,835	306,045
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	315	7,475,803	10,733,365
Өзге ұзақ мерзімдік міндеттемелер	316	-	-
<b>Жиын ұзақ мерзімдік міндеттемелер (310-316 тармақтар)</b>	<b>400</b>	<b>462,041,118</b>	<b>538,932,891</b>
<b>V. Капитал</b>			
Жарғылық (акционерлік) капитал	410	67,726,866	67,726,866
Эмиссиялық кіріс	411	-	-
Сатып алынған меншіктік үлестік құралдар	412	-	-
Қорлар	413	107,775	67,015
Үлестірілмеген пайда (өтелмеген залал)	414	(229,614,041)	(214,890,398)
<b>Иегер ұйымның меншік Иегерлеріне қатысты жиын капитал (410-414 тармақтар)</b>	<b>420</b>	<b>(161,779,400)</b>	<b>(147,096,517)</b>
Бақыламайтын меншік Иегерлерінің үлесі	421	(526,365)	(182,057)
<b>Барлық капитал (тарм. 420+/-тармақ 421)</b>	<b>500</b>	<b>(162,305,765)</b>	<b>(147,278,574)</b>
<b>Теңгерім (тарм. 300+301+400+500)</b>		<b>385,302,277</b>	<b>545,957,502</b>

Топ басшылығының атынан:

  
Э.Б. Исаков  
Президенттің м.а.

  
Э.М. Ахмурзин  
Қаржы жөніндегі вице-  
президенттің м.а.

  
Д.Т. Капизова  
Бас бухгалтердің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

20 ақпан 2017 ж.

20 ақпан 2017 ж.

Астана қ., Қазақстан Республикасы

**2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп  
№2 форма**

Ұйымның атауы: «Қазтеміртранс» АҚ

Қайта ұйымдастыру туралы мәліметтер: -

Ұйымның қызмет түрі: **Қазақстан Республикасында және оның сыртында вагон операторы, вагондарды жалға беру, көліктік және экспедиторлық қызметтерді ұсыну бойынша қызметтер көрсету**

Ұйымдастырушылық-құқықтық формасы: **Акционерлік қоғам**

Есептілік формасы: **шоғырландырылған**

Жұмыскерлердің орташа жылдық саны: **2,011 адам**

Кәсіпкерлік субъектісі: **ірі**

Ұйымның заңды мекен-жайы: **Астана қ., Қонаев к-сі, 10 үй.**

мың теңге


Көрсеткіштердің атауы	Тармақ коды	Есептік кезең үшін	Алдыңғы кезең үшін
Ақшалай түсін	010	81,268,806	78,813,688
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	011	(67,402,055)	(63,351,548)
<b>Жиынтық пайда (тарм. 010 - тарм. 011)</b>	<b>012</b>	<b>13,866,751</b>	<b>15,462,140</b>
Сату бойынша шығыстар	013	-	-
Өкімшілік шығыстар	014	(9,602,864)	(9,518,891)
Өзге шығыстар	015	-	-
Өзге шығыстар	016	-	-
<b>Жиын операцияндық пайда (залал) (+/- 012-016 тармақтар)</b>	<b>020</b>	<b>4,263,887</b>	<b>5,943,249</b>
Қаржыландыру бойынша кірістер	021	4,050,313	6,760,645
Қаржыландыру бойынша шығыстар	022	(38,464,806)	(30,877,406)
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен қызмет пен қауымдастырылған ұйымдардағы пайдада (залалда) ұйымның үлесі	023	1,118,752	1,090,683
Өзге операцияндық емес кірістер	024	16,689,731	979,269
Өзге операцияндық емес шығыстар	025	(5,772,839)	(225,226,146)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда (залал) (+/- 020-025 тармақтар)</b>	<b>100</b>	<b>(18,114,962)</b>	<b>(241,329,706)</b>
Кіріс салығы бойынша үнемдеу	101	3,052,536	2,322,027
<b>Жалғаспалы қызметтен салық салғаннан кейінгі пайда (залал) (тармақ 100- тармақ 101)</b>	<b>200</b>	<b>(15,062,426)</b>	<b>(239,007,679)</b>
Тоқтатылған қызметтен салық салғаннан кейінгі пайда (залал)	201	-	-
<b>Төмендегілерге қатысты жыл бойына залал (тармақ 200 + тармақ 201):</b>	<b>300</b>	<b>(15,062,426)</b>	<b>(239,007,679)</b>
Иегер ұйымның меншік Иегерлеріне		<b>(14,753,219)</b>	<b>(238,659,358)</b>
Бақыламайтын меншік Иегерлерінің үлесін		(309,207)	(348,321)
<b>Өзге жиынтық пайда, барлығы (410-420 тармақтардың сомасы):</b>	<b>400</b>	<b>74,917</b>	<b>57,136</b>
оның ішінде:			
Негізгі қаражатты қайта бағалау	410	-	-
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау	411	-	-
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен қызмет пен қауымдастырылған ұйымдардағы пайдада (залалда) ұйымның үлесі	412	-	-
Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарийлік пайда (залал)	413	29,576	(17,325)
Еншілес ұйымдардың мерзімі шегерілген салыққа кіріс салығының ставкасындағы өзгеріс әсері	414	-	-
Ақша ағындарын сақтандыру	415	-	-
Шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша күрстық айырым	416	45,341	74,461
Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды сақтандыру	417	-	-
Өзге жиынтық пайданың өзге компоненттері	418	-	-
Пайда (залал) құрамын қайта топтастыру кезіндегі түзету	419	-	-
Өзге жиынтық пайда компоненттерінің салықтық әсері	420	-	-

**2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)**

мың теңге

<b>Жалпы жиынтық залал (тармақ 300 + тармақ 400)</b>	<b>500</b>	<b>(14,987,509)</b>	<b>(238,950,543)</b>
Төмендегілерге қатысты жалпы жиынтық залал:			
иегер ұйымының меншік Иегерлеріне		(14,678,302)	(238,609,767)
Бақыламайтын меншік Иегерлерінің үлесіне		(309,207)	(340,776)
Акцияға пайда:	600	-	-
оның ішінде:		-	-
Акцияға базалық пайда:		-	-
жалғаспалы қызметтен		-	-
Тоқтатылған қызметтен		-	-
Акцияға ажыратылған пайда:		-	-
жалғаспалы қызметтен		-	-
Тоқтатылған қызметтен		-	-

Топ басшылығының атынан:

  
Э.Б. Искаков  
Президенттің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

Астана қ., Қазақстан Республикасы

  
Э.М. Ахмурзин  
Қаржы жөніндегі вице-  
президенттің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

  
Д.Т. Капизова  
Бас бухгалтердің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

**2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп  
(тікелей әдіс)  
№3 форма**

Ұйымның атауы: «Қазтеміртранс» АҚ

Қайта ұйымдастыру туралы мәліметтер: -

Ұйымның қызмет түрі: **Қазақстан Республикасында және оның сыртында вагон операторы, вагондарды жалға беру, көліктік және экспедиторлық қызметтерді ұсыну бойынша қызметтер көрсету**

Ұйымдастырушылық-құқықтық формасы: **Акционерлік қоғам**

Есептілік формасы: **шоғырландырылған**

Жұмыскерлердің орташа жылдық саны: **2,011 адам**

Кәсіпкерлік субъектісі: **ірі**

Ұйымның заңды мекен-жайы: **Астана қ., Қонаев к-сі, 10 үй.**

Көрсеткіштердің атауы	Тар-мақ коды	Есептік кезең үшін	мың тенге
			Алдыңғы кезең үшін
<b>I. Операциондық қызметтен түскен ақшалай қаражат қозғалысы</b>			
<b>1. Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы (011-016 тармақтар)</b>	<b>010</b>	<b>86,467,139</b>	<b>96,487,376</b>
оның ішінде:			
тауарлар мен қызметтерді сату	011	26,116,205	36,787,293
өзге ақшалай түсім	012	-	-
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванс	013	55,848,246	51,278,287
сақтандыру келісімшарттары бойынша түсімдер	014	-	-
алынған сыйақылар	015	-	-
өзге түсімдер	016	4,502,688	8,421,796
<b>2. Ақшалай қаражаттың істен шығуы, барлығы (021-027 тармақтар)</b>	<b>020</b>	<b>91,528,155</b>	<b>88,689,518</b>
оның ішінде:			
жеткізушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер	021	32,859,774	37,078,050
жеткізушілерге тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванс	022	15,239,334	13,305,993
еңбекке ақы төлеу бойынша төлемдер	023	2,573,512	2,863,943
сыйақы төлемі	024	33,536,639	28,924,136
сақтандыру келісімшарттары бойынша төлемдер	025	-	-
кіріс салығы және бюджетке өзге де төлемдер	026	4,403,703	3,369,464
өзге төлемдер	027	2,915,193	3,147,932
<b>3. Операциондық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы (010-020 тармақтар)</b>	<b>030</b>	<b>(5,061,016)</b>	<b>7,797,858</b>

**2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақшалай қаражат қозғалысы туралы  
шоғырландырылған есеп  
(жалғасы)  
(тікелей әдіс)**

мың теңге

Көрсеткіштердің атауы	Тар- мақ коды	Есептік кезеңнің соңына	Есептік кезеңнің басына
<b>II. Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың қозғалысы</b>			
<b>1. Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы (041 бастап 051 дейін тармақтардың сомасы)</b>	<b>040</b>	<b>173,291,466</b>	<b>50,848,788</b>
оның ішінде:			
негізгі қаражатты іске асыру	041	-	405
материалдық емес активтерді іске асыру	042	-	-
өзге ұзақ мерзімді активтерді іске асыру	043	3,854,796	1,904,835
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлесін іске асыру	044	-	-
басқа ұйымдардың қарыз құралдарын іске асыру	045	-	-
еншілес ұйымдарда бақылау болмаған кезде өтеу	046	-	-
өзге қаржы активтерді іске асыру	047	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	048	-	-
алынған дивидендтер	049	708,718	1,358,688
алынған сыйлықтар	050	4,532,062	6,236,927
өзге түсімдер	051	164,195,890	41,347,933
<b>2. Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы (061 бастап 071 дейін тармақтардың сомасы)</b>	<b>060</b>	<b>43,427,257</b>	<b>46,861,770</b>
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сатып алу	061	276,892	9,482,550
материалдық емес активтерді сатып алу	062	-	101,456
өзге ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	063	-	-
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлесін сатып алу	064	-	-
басқа ұйымдардың қарыз құралдарын сатып алу	065	-	-
еншілес ұйымдарға бақылауды сатып алу	066	-	-
өзге қаржы активтерді сатып алу	067	43,150,365	37,277,764
қарыз ұсыну	068	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	069	-	-
бірлескен және еншілес ұйымдарға инвестициялар	070	-	-
өзге төлемдер	071	-	-
<b>3. Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза сомасы (тармақ 040 – тармақ 060)</b>	<b>080</b>	<b>129,864,209</b>	<b>3,987,018</b>

**2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақшалай қаражат қозғалысы туралы  
шоғырландырылған есеп  
(жалғасы)  
(тікелей әдіс)**

мың теңге

Көрсеткіштердің атауы	Тар- мақ коды	Есептік кезеңнің соңына	Есептік кезеңнің басына
III. Қаржы қызметтен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
<b>1. Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы (091 бастап 094 дейін тармақтардың сомасы)</b>	<b>090</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
оның ішінде:			
акциялар мен өзге қаржы құралдардың эмиссиясы	091	-	-
қарыз алу	092	-	-
алынған сыйлықтар	093	-	-
өзге түсімдер	094	-	-
<b>2. Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы (101 бастап 105 дейін тармақтардың сомасы)</b>	<b>100</b>	<b>128,813,710</b>	<b>8,513,267</b>
оның ішінде:			
қарызды өтеу	101	128,611,801	8,443,172
сыйақы төлеу	102	-	-
дивидендтерді төлеу	103	-	-
Иегерлерген ұйымның акциялары бойынша төлем	104	-	-
өзге шығулар	105	201,909	70,095
<b>3. Қаржы қызметтен ақшалай қаражаттың таза сомасы (тармақ 090 – тармақ 100)</b>	<b>110</b>	<b>(128,813,710)</b>	<b>(8,513,267)</b>
4. Валюта айырбастау курсының теңгеге әсері	120	(869,239)	456,450
<b>5. Ақшалай қаражаттың өсуі +/- азаюы (тармақ 030 +/- тармақ 080 +/- тармақ 110)</b>	<b>130</b>	<b>(4,010,517)</b>	<b>3,271,609</b>
6. Есептік кезеңнің басына ақшалай қаражат және оның баламалары	140	5,835,467	2,107,408
<b>7. Есептік кезеңнің соңына ақшалай қаражат және оның баламалары</b>	<b>150</b>	<b>955,711</b>	<b>5,835,467</b>

Топ басшылығының атынан:

  
Э.Б. Исаков  
Президенттің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

  
Э.М. Ахмурзин  
Қаржы жөніндегі  
вице-президенттің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

  
Д.Т. Капизова  
Бас бухгалтердің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

Астана қ., Қазақстан Республикасы

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
капиталдағы өзгерістер туралы шотландырылған есеп

№4 Форма

Ұйымың атауы: «Қазтеніртранс» АҚ  
Қайта ұйымдастыру туралы мәліметтер: -  
Ұйымың қызмет түрі: Қазақстан Республикасында және оның сыртында вагон операторы, вагондарды жалға беру, көліктік және экспедиторлық қызметтерді ұсыну бойынша  
қызметтер көрсету  
Ұйымдастырушылық-құрылымдық формасы: Акционерлік қоғам  
Есептік формасы: шотландырылған  
Жұмыскерлердің орташа жылдық саны: 2,011 адам  
Кәсіпкерлік субъектісі: Ірі  
Ұйымың заңды мекен-жайы: Астана қ., Қонаев к-сі, 10 Ұй.

мың теңге

Компоненттердің атауы	Тармақ коды	Бас ұйымның капиталы				Бақдаламайтын меншік Иегерлерінің үлесі	Барлық капитал
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншіктік үлестік құралдар	Қорлар		
Алдағы жылғы 1 қаңтарға сальдо	010	67,726,866	-	-	-	23,786,384	91,671,969
Есептік саясаттағы өзгеріс	011	-	-	-	-	-	-
Қайта есептелген сальдо (тармақ 010 +/- тармақ 011)	100	67,726,866	-	-	-	23,786,384	91,671,969
Жалпы жиынтық пайда, барлығы (тармақ 210 + тармақ 220):	200	-	-	-	67,015	(238,676,782)	(340,776)
Жыл бойынша пайда (залал)	210	-	-	-	-	(238,659,358)	(346,321)
Өтпелі жиынтық пайда, барлығы (221 бастап 229 дейін тармақтардың сомасы):	220	-	-	-	67,015	(17,424)	7,545
оның ішінде:							57,136
Негізгі құралдардың қайта бағаландырылуы (салықтық әсерді жасағанда)	221	-	-	-	-	-	-
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан амортизацияны аудару (салықтық әсерді қоспағанда)	222	-	-	-	-	-	-
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау (салықтық әсерді қоспағанда)	223	-	-	-	-	-	-
Үлестік қатысу әйелі бойынша ескерілетін бірлескен қызмет пен қауымдастырылған ұйымдардағы пайдада (залалда) ұйымының үлесі	224	-	-	-	-	-	-

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

Компоненттердің атауы	Тәрмақ коды	Бас ұйымның капиталы					Бакыламайтын меншік Мегерлерінің үлесі	Барлық капитал
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншіктік үлестік құралдар	Қорлар	Үйлестірілмеген пайда		
Зейнетақы міндеттемелері бойынша өктуерімділік пайда (Залал)	225	-	-	-	-	(17,424)	99	(17,325)
Еңиліес ұйымдардың негізіне шегерілген салыққа кіріс салығының ставкасындағы өзгеріс әсері	226	-	-	-	-	-	-	-
Ақша ағындарымен сақтандыру (салықтық әсерді қоспағанда)	227	-	-	-	-	-	-	-
Шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша құрстық айырым	228	-	-	-	67,015	-	7,446	74,461
Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды сақтандыру	229	-	-	-	-	-	-	-
<b>Иегерлермен операциялар, барлығы (310 бастап 318 дейін тармақтардың сомасы):</b>	<b>300</b>	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:								
Жұмыскерлерге акциялармен сыйақы беру	310	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:								
Жұмыскерлер қызметінің құны		-	-	-	-	-	-	-
Жұмыскерлерге акциялармен сыйақы беру сомасы бойынша акцияларды шығару		-	-	-	-	-	-	-
Жұмыскерлерге акциялармен сыйақы беру сомасына қатысты салық пайдасы		-	-	-	-	-	-	-
Иегерлердің жарналары	311	-	-	-	-	-	-	-
Меншікті үлестік қаражатты (акцияларды) шығару	312	-	-	-	-	-	-	-
Бизнестің біріктірілуіне байланысты үлестік қаражатты шығару	313	-	-	-	-	-	-	-
Айырбасталатын қаражаттың үлестік компоненті (салықтық әсерді қоспағанда)	314	-	-	-	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	315	-	-	-	-	-	-	-
Иегерлер пайдасына өтеу бөлунер	316	-	-	-	-	-	-	-

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

Компоненттердің атауы	Тармақ коды	Бас ұйымның капиталы					Бақыламайтын меншік Иегерлерінің үлесі	Барлық капитал
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншіктік үлестік құралдар	Қорлар	Үйлестірілмеген пайда		
Иегерлермен өзге операциялар	317	-	-	-	-	-	-	-
Бақылаудың айырылуына әкел соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесінің өзгерісі	318	-	-	-	-	-	-	-
<b>Есептік жылғы 1 қаңтарға салыдо (тармақ 100 + тармақ 200 + тармақ 300)</b>	<b>400</b>	<b>67,726,866</b>	-	-	<b>67,015</b>	<b>(214,890,398)</b>	<b>(182,057)</b>	<b>(147,278,574)</b>
Есептік саясаттағы өзгеріс	401	-	-	-	-	-	-	-
<b>Қайта есептелген салыдо (тармақ 400+/- тармақ 401)</b>	<b>500</b>	<b>67,726,866</b>	-	-	<b>67,015</b>	<b>(214,890,398)</b>	<b>(182,057)</b>	<b>(147,278,574)</b>
Жалпы жиынтық пайда, барлығы (тармақ 610+ тармақ 620):	600	-	-	-	40,760	(14,723,643)	(304,626)	(14,987,509)
Жыл бойынша пайда (залал)	610	-	-	-	-	(14,753,219)	(309,207)	(15,062,426)
Өзге жиынтық пайда, барлығы (621 бастап 629 дейін тармақтардың сомасы):	620	-	-	-	40,760	29,576	4,581	74,917
оның ішінде:		-	-	-	-	-	-	-
Негізгі құралдардың қайта бағалауынан артуы (салықтық әсерді қоспағанда)	621	-	-	-	-	-	-	-
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан анорганизацияны аудару (салықтық әсерді қоспағанда)	622	-	-	-	-	-	-	-
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтері қайта бағалау (салықтық әсерді қоспағанда)	623	-	-	-	-	-	-	-
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен қызмет пен қауымдастырылған ұйымдардағы пайдада (залалда) ұйымның үлесі	624	-	-	-	-	-	-	-
Зейнетақы нәтижелері бойынша актуарийлік пайда (залал)	625	-	-	-	-	29,576	-	29,576

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп  
(жалғасы)

Компоненттердің атауы	Тармақ коды	Бас ұйымның капиталы				Бәйбіше меншік Иегерлерінің үлесі	Барлық капитал
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эквиваленттік кіріс	Сатып алынған меншіктік үлестік құралдар	Қорлар		
Еңшілес ұйымдардың негізін шегерілген салықтар кіріс салығының ставкасындағы өзгеріс әсері	626	-	-	-	-	-	-
Ақша ағымдарымен сақталып (салықтық әсерді қоспағанда)	627	-	-	-	-	-	-
Шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша курстық айырым	628	-	-	40,760	-	4,581	45,341
Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды сақтандыру	629	-	-	-	-	-	-
<b>Иегерлермен операциялар, барлығы (710 бастап 716 дейін тармақтардың сомасы)</b>	<b>700</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(39,682)</b>	<b>(39,682)</b>
оның ішінде:							
Жұмысхерлерге акциялармен сыйлақы беру	710	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:							
Жұмысхерлер қызметінің құны		-	-	-	-	-	-
Жұмысхерлерге акциялармен сыйлақы беру схемасы бойынша акцияларды шығару		-	-	-	-	-	-
Жұмысхерлерге акциялармен сыйлақы беру схемасына қатысты салық пайдасы		-	-	-	-	-	-
Иегерлердің жарналары	711	-	-	-	-	-	-
Меншікті үлестік қаражатты (акцияларды) шығару	712	-	-	-	-	-	-
Бизнесің біріктірілуіне байланысты үлестік қаражатты шығару	713	-	-	-	-	-	-
Айырбасталатын қаражаттың үлестік компоненті (салықтық әсерді қоспағанда)	714	-	-	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	715	-	-	-	-	(39,682)	(39,682)
Иегерлер пайдасына өзге бөлулер	716	-	-	-	-	-	-

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ФОРМАЛАРЫНА ТҮСІНІК ХАТ  
(мың теңге)

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп  
(жалғасы)

Компоненттердің атауы	Тармақ коды	Бас ұйымның капиталы				Бақыламайтын меншік Иегерлерінің үлесі	Барлық капитал
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эквиваленттік кіріс	Сатып алынған меншіктік үлестік құралдар	Үйлестірілмеген пайда		
Иегерлердің өзге-операциялары	717	-	-	-	-	-	-
Бақылаудың айырылуына өкелетін секторлық меншік ұйымдардағы қатысу үлесінің өзгерісі	718	-	-	-	-	-	-
<b>Есептік жылғы 31 желтоқсанға сальдо (тармақ 500 + тармақ 600 + тармақ 700)</b>	<b>800</b>	<b>67,726,866</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>107,775</b>	<b>(229,614,041)</b>	<b>(526,365)</b> <b>(162,305,765)</b>

Топ басшылығының атынан:



Э.Б. Исаков  
Президенттің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

Э.М. Ахмурзин  
Қаржы жөніндегі  
вице-президенттің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

Д.Т. Капизова  
Бас бухгалтердің м.а.

20 ақпан 2017 ж.

Астана қ., Қазақстан Республикасы

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА**  
(мың теңге)

---

**1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Компания») Компанияның жалғыз акционері (бұдан әрі - «Бас компания» немесе «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес құрылды. Компания 2003 ж. 21 қазанында тіркелді, бірақ капиталы 2003 ж. 14 қарашасынан бастап бірнеше жарнамен төленді (бұдан әрі - «Құрылған күні»), және Компания осы күннен бастап қызметін бастады.

Компанияның негізгі қызметі вагондар операторының қызметін көрсету, вагондарды жалға тапсыру, және Қазақстан Республикасы мен оның аумағынан тыс көлік және экспедиторлық қызметтерді көрсету болып табылады. Компания Қазақстан Республикасының жүк вагондарының инвентарлы паркінің иегері болып табылады.

Компания қызметтің мынадай түрлері бойынша басым жай-күйді (монополиялық) алып отырған нарықтың субъектісі болып табылады: платформалар операторының қызметтері, жабық вагондар операторының қызметтері, теміржол жылжымалы құрамын жалға беру және өз қызметін Қазақстан Республикасының «Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырады.

Компанияның жалғыз акционері «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ немесе «Акционер») болып табылады. Мемлекет «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ атынан Компанияның соңғы акционері болып табылады. Тараптармен байланысты операциялар туралы толық ақпарат 30-шы ескертпеде келтірілген.

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің формалары 28 ескертпеде аталған Компания және оның еншілес ұйымдарының қызметінің қаржылық нәтижелерін қосады. Компания және оның еншілес ұйымдары бірлесе келе «Топ» деп аталады.

Топ қызметкерлерінің орташа саны 2,011 адамды құраған (2015 ж.: 2,053 адам).

Компанияның тіркелген кеңсесі мына мекен-жайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 010000, Қонаев көшесі, 10.

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің формаларын 2017 ж. 20 ақпанында Президенттің м.а, Қаржы жөніндегі Вице-министрдің м.а, Компанияның Бас бухгалтерінің атынан Компанияның басшылығы шығару үшін бекітті.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӨЗІРЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ**

**Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - «ХКЕС») шығарған Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (әрі қарай - «ХКЕС») және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығымен бекітілген («№143 бұйрық») ұйымдардың бұқаралық ақпарат құралдарында бұқаралық мүдделермен байланысты жариялау мақсатына арналған жылдық қаржылық есептілік форматына сәйкес әзірленген.

**Үздіксіз қызмет принципі**

Топтың жылдық қаржыландырылған қаржылық есептілігінің формалары Топ өз қызметін келешекте жалғастыратын болады деген пайымға негізделі отырып әзірленді. Бірақ, 2016 ж. 31 желтоқсанына қарағанда, теріс айналым капиталы мен Топ капиталының тапшылығы 56,397,581 мың теңгені және 162,305,765 мың теңгені сәйкесінше құраған. Сондай-ақ, 2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың операциялық қызметінде пайдаланылған таза шығын мен таза ақшалай қаражат 277,467 мың теңге сомасында сатылуға арналған активтермен көрсетілген ақшаны есепке алғанда, 15,062,426 мың теңгені және 5,061,016 мың теңгені сәйкесінше құрады.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(мың теңге)*

Басшылықтың пайымдауынша, Топ күнделікті қызмет барысында өз активтерін жүзеге асырып, өз міндеттемелерін өтей алады деп есептейді, себебі Басшылық мына іс-шараларды әзірледі:

- Топ Басшылығы 2016-2020 жж. қарыз портфелін басқару саясатын әзірледі, оған сәйкес Топ 2017 ж. 10 жылға «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қарызы бойынша қайта қаржыландыру алуды жоспарлап отыр. Бұл қайта қаржыландыру бойынша Топтың Бас компаниямен келісімі бар.
- Соңдай-ақ Топ басшылығы Бас компанияның қарызын қоса есептегенде, ҚДЕБ қарыздарын қайта құру туралы келісімге қол жеткізді. Бұл келісімге сәйкес Топқа берілген ҚДЕБ қарыздар және Бас компания берген ҚДЕБ қарызы қайта құрылып, бір қарызға біріктірілді. Осы қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі келісімге сәйкес түзетулерді есепке ала отырып, 4.35% + 6-айлық LIBOR құрайды. Қарызды өтеу мерзімі 2026 ж. 24 шілдесі;
- Топтың барлық қарыздары Бас компаниямен келімендірілген немесе Топ Бас компаниямен бірге қарыз шарттарында қарыз алушы ретінде шығады;
- Бас компания Топқа үздіксіз қаржылық және операциялық қолдауды көрсету ниетін растайтын хатты ұсынды. Топ жоғарыда аталған Топ қолдауымен операциялық табыстың жеткілікті деңгейіне шығуға қабілетті деп есептейді.

Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды бағалау кезінде басшылық Топтың қаржылық жай-күйін, күтілетін келешек қаржы нәтижелерін, қарыздарды қайта құру бойынша ағымдағы келісімдерді, сондай-ақ басқа да тәуекелдерді назарға алды. Жүргізілген талдаудың негізінде Топ басшылығы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің формалары активтер мен міндеттердің теңгерімдік құнының қандай-да бір түзетулерін, көрсетілген табыстар мен шығындарды, сондай-ақ аталған оқиғалар салдарынан қажет болуы мүмкін шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімнің жіктелуін қажет етпейді деп есептейді.

**3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
СТАНДАРТТАРЫ**

**Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау**

Мынадай жаңа және қайта қаралған стандарттар 2016 ж. 1 қаңтарынан бастап енгізілген:

- ХҚЕС-на түзетулер (IAS) 1 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама»;
- ХҚЕС-на түзетулер (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 «Амортизацияның рұқсат етілген тәсілдерін түсіндіру»;
- ХҚЕС жыл сайын жетілдіру, 2012-2014 жж. кезеңі.

ХҚЕС-на түзетулер (IAS) 1 маңыздылық тұжырымдамасын практикада қалай қолдану керектігін, қаржылық жай-күй, табыс немесе шығын және өзге де жиынтық табыс туралы есептерде жолдар мен қорытынды көрсеткіштерді қалай көрсету керек екендігін түсіндіреді. Оның үстіне, түзетулер басшылықтың қаржылық есептілікке ескертпелерді дербес ұсыну тәртібін айқындай алады.

Жекелей алғанда, Топ қайта қарады:

- Ақпараттың маңыздылығын ашу, себебі есептілікке маңызды емес деректерді қосу қаржылық ақпараттың пайдалылығын, ашылуын біршама төмендетуі мүмкін;
- Мұндай саясаттан ХҚЕС қарастырылған есеп баламаларынан таңдалған кездегі Топқа тән белгілі бір операциялар мен оқиғаларды ашуға арналған негізгі есептік саясаттар.

Топ, түзетулер жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің формалары деректерінің сапасын, айқындылығы мен пайдасын арттырады деп ұйғарады.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

**Шығарылған, бірақ қолданысқа енгізілмеген Стандарттар мен Интерпретациялар**

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген мынадай жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданған жоқ:

<b>Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар немесе интерпретациялар</b>	<b>Күшіне енген күні<sup>1</sup> - Мына мерзімнен ерте емес басталатын жылдық кезеңдер үшін</b>
ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар»	1 қаңтар 2018 ж.
ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен келісім-шарттар бойынша түсім»	1 қаңтар 2018 ж.
ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға алу»	1 қаңтар 2019 ж.
ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 «Инвестор және оның қауымдасқан ұйымымен немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе жарнасы»	Күні белгіленеді КХҚЕС <sup>2</sup>
ХҚЕС түзетулер (IAS) 12 «Іске асырылмаған шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану»	1 қаңтар 2017 ж.

<sup>1</sup>Мерзімінен бұрын қолдануға барлық жаңа және қайта қаралған стандарттар мен интерпретацияларға рұқсат беріледі. ХҚЕС (IFRS) 16 «Клиенттермен келісімшарттар бойынша түсім» ХҚЕС (IFRS) 15 қолдану жағдайында мерзімінен бұрын қолданыла алады.

<sup>2</sup>Түзетулер 2014 ж. қыркүйек айында шығарылды және күшіне ену күнін 2016 ж. 1 қаңтары деп қарастырды. 2015 ж. желтоқсан айында ХҚЕС түзетулердің қолданысқа енгізілу күнін үлестік қатысу әдісіне қатысты зерттеулер жобасы аяқталғанға дейін белгісіз мерзімге кейінге қалдырды.

**4. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ**

**Дайындау негіздері**

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептің осы формалары Топ қызметін келешекте жалғастырады деген жорамалға негізделе отырып әзірленді.

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептің осы формалары егер басқасы көрсетілмесе мың теңгемен (бұдан әрі- «мың теңге») көрсетілген.

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептің осы формалары төменде айқындалғандай, әр есептік күнге әділ құн бойынша ескерілетін кейбір қаржылық құралдарды есептемегенде, тарихи құн бойынша есепке алу принциптеріне сәйкес әзірленген.

Тарихи құны тауарлар және қызметтердің орнына берілген сыйақының әділ құны негізінде айқындалады.

Әділ құн активті сатқан кезде немесе мұндай бағаның тікелей бақыланатын немесе бағалаудың басқа әдістемесін пайдалана отырып есептік жолмен алынғанына қарамастан, бағалау күніне рынок қатысушылары арасындағы қарапайым мәміленің шеңберінде төленген бағаны көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде егер рыноктың қатысушылары бағалау күніне активтің немесе міндеттеменің бағасын құру кезінде осындай ерекшеліктерді ескеретін болса, актив немесе міндеттеменің ерекшеліктерін есепке алады. Әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратту ашу және/немесе әділ құн бойынша бағалауды жүргізу үшін, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің осы формаларындағы әділ құн ХҚЕС (IFRS) 2 қолдану саласына, ХҚЕС (IAS) 17 қолдану саласына қатысты лизинг операцияларына, сондай-ақ әділ құнмен салыстырылатын, бірақ ХҚЕС (IAS) 36 қолдану құндылығы немесе ХҚЕС (IAS) 2 сатылуы ықтимал таза құн сияқты әділ құн болып табылмайтын бағалауға қатысты жеке үлестік құралдардың негізінде төлемдері бар мәмілелерді есепке алмағанда, жоғарыда аталған әдіспен айқындалады.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(мың теңге)*

Оның үстіне, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің формаларын дайындау мақсатында әділ құнының мақсаттары үшін әділ құнды бағалау әділ құнның иерархиясының негізінде жіктеледі (1, 2 немесе 3 деңгейлері). Деңгейлері рыноктың деректері негізінде әділ құнын тікелей айқындау мүмкіндігіне сәйкес келеді және тұтастай әділ құнын бағалау кезінде қолданылған бастапқы деректердің мәнін көрсетеді:

- 1 деңгейдің бастапқы деректері Топтың бағалау күніне қолжетімділігі бар бірдей активтер немесе міндеттемелердің белсенді рыноктарында баға белгілеуді түзетуді талап етпейтін болып табылады;
- 2 деңгейдің бастапқы деректері 1 деңгей үшін айқындалған, бірақ актив немесе міндеттеме рыногында тікелей немесе жанама байқалатын баға белгілеу болып табылмайды; және
- 3 деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген компания және оның еншілес ұйымдары бухгалтерлік есепті ХҚЕС сәйкес жүргізеді, шетелдік еншілес ұйымдар есептілікті олар өздері қызметін жүзеге асырған елдердің талаптарына сәйкес есептілікті құрады. Жылдық шоғырландырылған есептіліктің осы формалары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №143 Бұйрығымен («№143 бұйрық») бекітілген жария мүдденің ұйымдарымен жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің формалары және ХҚЕС сәйкестендіру мақсатында тиісті түрде түзетілген оның шоғырландырылған кәсіпорындары мен Компанияның бухгалтерлік есебінің деректері негізінде әзірленген.

**Функционалды валюта және қаржылық есептілікті көрсету валютасы**

Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің формалары жеке компаниялар қызметін жүзеге асыратын (оның функционалды валютасы) экономикалық ортаның валютасында көрсетілген. Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формаларының мәліметтері мақсатында Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалы мен шоғырландырылған қызмет нәтижелері Қазақстандық теңге (әрі қарай – «теңге») түрінде берілген, ол Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады. «KTZ Finance BV» еншілес кәсіпорнының функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылады.

Теңге Қазақстан Республикасының шегінен тыс толықтай айырбасталатын валюта болып табылмайды. Шетел валюталарында операциялар Қазақстан қор биржасы («ҚҚБ») орнатқан операция жасау күніне рынок курсы бойынша есепке алынады. ҚҚБ сессияларында сауда жүрмеген шетел валюталары бойынша валютаның айырбас курстарын «REUTERS» ақпараттық агенттіктің арналары бойынша алынған баға белгілеуге сәйкес АҚШ долларына кросс-курстарын қолдана отырып Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есептейді.

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну мақсаттары үшін Топ қызметінің шетел бөлімшелеріне қатысты активтер мен міндеттемелер есептік күнге қолданыста болған курс бойынша теңгеге қайта есептеледі. Табыстар мен шығындардың баптары егер айырбастау курстары осы кезең ішінде елеулі түрде өзгертілмесе орташа айырбастау курсы бойынша қайта есептеледі, олай болмаған жағдайда мәмілелерді жасау күніне айырбастау курстары қолданылады. Пайда болатын курстық айырмашылықтар өзге жиынтық табыста танылады және жеке капиталға жинақталады (бұл ретте олар тиісті түрде бақыланбайтын үлестерге үлестіріледі).

Шетел валюталарында өрнектелген ақшалай активтер мен міндеттемелер есептік күнге қолданылатын курс бойынша қайта есептеледі. Операция жасалған күннен кейін айырбас курстарының нәтижелерінде пайда болатын барлық курстық айырмашылықтар табыстар мен пайдамен өрнектеледі.

Әділ құн бойынша көрсетілген шетел валюталарымен өрнектелген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер, теңгеге әділ құнды айқындау күніне қолданылатын курс бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында тарихи құн бойынша өрнектелген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер қайта есептелмейді.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

---

**Шоғырландыру принциптері**

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің формалары ішіне тізімі 28 ескертпеде келтірілген Компания мен еншілес ұйымдардың есептілігін қосады.

Еншілес ұйымдар Топқа бақылау ауысқан сәттен бастап шоғырланады және Топтың бақылауынан шыққан күннен бастап шоғырлануын тоқтатады. Топтың еншілес ұйымдарды иеленуі сатып алу тәсілі бойынша көрсетіледі. Топтың ішіндегі есептер бойынша барлық операциялар, теңгерімдер мен іске асырылмаған табыстар алынып тасталды.

Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады.

Бірлескен кәсіпорындар бойынша мәмілелер бойынша табыстар немесе шығындар Топтың есептілігінде Топқа тиесілі емес бірлескен кәсіпорындағы үлестің шеңберінде ғана танылады.

**Тауарлық-материалды қорлар**

Тауарлық-материалды қорлардың негізгі бөлігі сауда операциялары үшін емес, дайын өнімді (жүк вагондарын) әзірлеу үшін, жылжымалы құрамды пайдалануды қамтамасыз ету үшін шаруашылық қызмет барысында қолданылады.

Тауарлық-материалды қорлар өзіндік құны немесе сатудың таза құнының мәнінен ең азы бойынша бағаланды. Өзіндік құны запастарды ағымдағы күйге келтіру және жеткізумен байланысты болған шығындарды қосады. Сатудың таза құны аяқтауға шығындар мен сатуға бағалау шығындарын есептен шығарғанда күнделікті қызметтің барысында запастарды сатудың бағасы болып табылады. Тауарлық-материалды қорлар орташа сараланған құн әдісі бойынша есепке алынады.

**Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер мен істен шығатын топтар**

Ұзақ мерзімді активтер мен істен шығатын активтердің топтары егер олардың теңгерімдік құны өндірістік қызметте пайдалану процесінде емес, сату кезінде орны толтырылған кезде сатуға арналған ретінде жіктеледі. Егер актив (немесе істен шығатын активтердің топтары) өзінің ағымдағы күйінде сатылатын болса, және сатуға жоғары ықтималдылық болса орындалды деп есептеледі. Басшылық сатуға арналған ретінде оны жіктеген сәттен бастап бір жылдың ішінде активті сатуға аяқтауы тиіс.

Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер (және істен шығатын активтер топтары) екеуінің ішінен анағұрлым аз шама бойынша бағаланады: қайта жіктеу сәтіне теңгерімдік құны мен сатуға шығындарды шегергендегі әділ құны.

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар құнсызданудан жинақталған шығын мен жинақталған тозуды шегеріп тастағанда, олардың бастапқы құны бойынша немесе бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Сатып алынған негізгі құралдардың құны тиісті активтерді сатып алған кезде төленген құралдардың құнын, сондай-ақ жоспарлы пайдалануға қажетті даярлықты жүзеге асыру және объектіге активтерді жеткізу кезінде болған тікелей қатысты шығындар болып табылады.

Компанияның жеке құрылыс нысандарының құны ішіне құрылыс барысында қолданылған барлық материалдардың құнын, жобаға тікелей қатысты және жоба бойынша тікелей еңбек шығындарын қаржыландыру бойынша шығындарды, сондай-ақ белгілі бір пропорцияда айнымалы және тұрақты үстеме шығындарды қосады. Объект болжамды пайдалануға дайын болған кезде шығындарды капиталға айналдыру тоқтатылады.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

---

Негізгі құралдардың объектісін тану оны пайдаланудан немесе оның істен шығуынан келешек экономикалық пайданы алу енді болжанбаған жағдайда немесе ол істен шыққаннан кейін тоқтатылады. Негізгі құралдарды тануды тоқтатқан кезде туындайтын кез келген табыстар немесе шығындар (істен шығудан түсетін таза түсімдер мен негізгі құралдың теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) негізгі құралды тану болған есептік кезеңде табыстар мен шығындар және өзге де жиынтық табыс туралы есепке қосылады.

Активтің теңгерімдік құны, пайдалы қызметінің мерзімі және әдістері қажеттілікке қарай әр қаржылық жылдың соңына қайта қаралады және түзетіледі.

**Кейінгі шығыстар**

Негізгі құралдар объектілеріне жұмсалған кезекті шығындар, болашақтағы экономикалық пайданы алу ықтималдығы болған өлшемінде капиталға айналады және ондай шығыстар Топтың есеп саясатына сәйкес жеткілікті нақтылық дәрежесінде есептелуі және бағалануы мүмкін.

Жөндеу және қызмет көрсету шығындары сияқты барлық басқа шығындар, пайда болуы сәтіндегі шығындарға жатқызылады.

**Тозу**

Тозу есептілік және салыстырмалы кезең соңында қолданыста болған, активтердің пайдалы қызметтің есепті мерзіміне сүйене отырып, түзу бағытты тәсіл негізінде есептеледі.

**Негізгі құралдардың құнсыздануы**

Негізгі құралдардың теңгерімдік құны, оларды өтеу құнынан асатын құн бойынша ескерілген негізгі құрал объектілерін анықтау үшін әр есептілік күніне талданады. Негізгі құралдың теңгерімдік құны олардың өтемдік құнын есептеуден асатын жағдайларда, негізгі құралдардың құны, өтеу құнына дейін төмендетіледі. Негізгі құралдың құнын өтеу таза өткізу және пайдалы қолдану мәндерінен көбірегі болып саналады. Пайдалы қолдану құнын бағалау кезінде келешектегі кезеңдердің есептілік ақшалай ағындар уақытша фактор, сондай-ақ осы активке байланысты тәуекелдерді ескере отырып, қаржыландырудың ағымдағы нарықтық бағалауларын көрсететін салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесін пайдаланумен көрсетілген құнға дейін дисконтталады.

**Аяқталмаған құрылыс**

Топтың өзі салған объектілер құны, құрылыс барысында пайдаланылған материалдар құны, жоба бойынша тікелей еңбек шығындары және тікелей жобға жататын қаржыландыру бойынша шығындары, сондай-ақ нақты сәйкестіліктегі ауыспалы және үнемі үстеме шығыстары болып саналады. Шығындарды капиталға айналдыру, объект жоспарланудағы пайдалануға дайын болған кезде аяқталады.

**Кезекті шығындар**

Активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде болатын (активті жақсы жағдайда сақтау үшін техникалық қызмет көрсету бойынша тұрақты жұмыс), сондай-ақ жөндеуге жұмсалған шығындар (техникалық бақылаулар, техникалық қызмет көрсетуге жасалған шарттар және т.б.) операциялық шығындар болып танылады.

«Негізгі құралдар» ХҚЕС 16 сәйкес активті мойындау сипаттамаларын қанағаттандыратын шығындар ғана капиталға айналады.

**Қарыздар бойынша шығындар**

Жіктелетін активті тікелей сатып алу, салу немесе өндіруге жататын қарыздар бойынша шығындар активтер негізінде нысаналы пайдалану немесе сату үшін дайын болғандағы уақытта осы активтің құнынан енгізу арқылы капиталға айналдырылады. Жіктелетін активтерге пайдалнуды күтудегі жеке қарыздарды уақытша инвестициялау бойынша алынған инвестициялық кіріс, капиталға айналдыру үшін жарамды қарыздар бойынша шығындардан

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(мың теңге)*

шегеріледі. Қарыздар бойынша барлық басқа шығындар, пайда болуы өлшемі бойынша пайда мен шығындарда көрсетіледі.

Шетел валютасындағы қарыздар нәтижесінде пайда болатын бағамдық айырмашылықтар пайыздарды төлеу шығындарын түзету болып саналатын шамасындағы қарыздар бойынша шығындарды кірістіреді. Пайыздарды төлеу шығындарын түзету түрінде капиталға айналған бағамдық айырмашылық сомасы қарыз жергілікті валютада алынған жағдайда, Топ капиталға

айналдыратын болса, пайыздарды төлеу шығындарының сомасынан аспайды. Бағамдық айырмашылықтың кез-келген асып түсуі табыстар мен шығындарға жатқызылады.

**Капитал**

*Акционерлік капитал*

Қарапайым акциялар акционерлік капитал ретінде жіктеледі. Мекемелердің бірігуі жағдайларынан басқа тікелей жаңа акцияларды шығаруға жататын сыртқы шығындар, капиталдың кірісі сомасынан шегеру ретінде көрсетілген. Шығарылған акциялардың кесімді құнынан алынған қаражаттың әділ құнынан кез-келген асып түсуі қосымша төленген капитал ретінде танылады.

*Дивидендтер*

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және есепті күніндегі капитал сомасынан, тек есеп күнін қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана шегеріледі. Дифидендтер туралы ақпарат қаржылық есептілікте, тек есептілік күніне дейін ұсынылса, сондай-ақ есептілік күніне дейін, бірақ қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін ұсынылса және жарияланса ғана ашылады.

**Пайда мен шығындарды тану**

*Пайданы тану*

Табыстар Топ нақты экономикалық пайда алу ықтималдығы болса, және пайда алуға немесе алуға тиесілі әділ сыйақы құны көлемінде есептелуі мүмкін шамада танылады.

*Вагондармен операция жасаудан түскен кіріс*

Вагондарды операция жасауға тапсыру бойынша қызметтерге қатысты, қызметтерді өткізуден түскен кіріс вагонды тапсырыс берушіге ұсынған уақытта танылады.

Әлі көрсетілмеген көліктік қызметтерге тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасы, алу сәтінде тапсырыс берушіден алынған аванстар құрамында көрсетіледі. Қызметтерді көрсету мүмкіндігіне қарай, қызметтерді өткізуден түскен кіріс есебінде танылады.

*Вагондарды жалға беруден түскен кіріс*

Вагондарды жалға беруден түскен кіріс жүк вагондарын жалға беру тәуліктерінің нақты саны негізінде танылады.

*Шығыстарды тану*

Шығыстар пайда болу сәтінде есептеледі және есептеу әдісі негізінде оларға жататын кезеңде жылдық шоғырланған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(мың теңге)*

---

**Салықтар**

*Ағымдағы кіріс салығы*

Ағымдағы және бұрынғы кезеңдердің салық активтері мен міндеттері салық органдарымен өтелетін немесе салық органымен төленетін сома бойынша бағаланады. Сомаларды есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы қаржылық жағдай туралы есеп қалыптастыру күніне қолданысқа енгізілсе, салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы болып саналады.

*Кейінге қалдырылған кіріс салығы*

Кейінге қалдырылған кіріс салығы – бұл салық салынатын табысты есептеу үшін жылдық шоғырланған қаржылық есептіліктегі формасында және тиісті салық базасындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық сомасында төленіп немесе өтелетін салық, ол міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық жылдық шоғырланған қаржылық есептілікте және салық салынатын кірісті есептеу кезінде пайдаланылатын тиісті салық есебінің мәліметтерінде көрсетілген активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны арасындағы уақытша айырмашылықтарға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдеттегідей барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтарды ескере отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері осы уақытша айырмашылықтарды қолдану үшін болашақта салық салынатын теңгерімдік кіріс болуының жоғары ықтималдылығы кезінде шегерілетін барлық уақытша айырмашылықтарды ескере отырып көрсетіледі. Егер уақытша айырмашылықтар гудвиллге байланысты немесе салық салынатын, және бухгалтерлік пайдаға да әсер етпейтін келісімдер шеңберінде (бизнесті біріктіру бойынша келісімдерден басқа) басқа активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарынан пайда болса, салық активтері мен міндеттемелер жылдық шоғырланған қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін дәрежеде кемітіледі. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және болашақтағы салық салынатын пайданың кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруінен пайда болатын ықтималдылығы жоғары дәрежеде мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық есепті күнде қолданыстағы немесе жарияланған салық ставкалары негізінде (және салық заңнамасы) оларды қолдану активті іске асыру немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде күтілетін активтері мен міндеттемелері салық ставкалары бойынша есептеледі.

Егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерінің есепке алынуының заңдық бекітілген құқығы болса, кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір біріне қарама-қарсы есепке алынады және кейінге қалдырылған салықтар бір және сол салық салатын компанияға және салық органына жатады.

Ағымдағы және кейінге қалдырылған кіріс салықтары басқа жиынтық пайда, немесе капитал шоттары баптарына жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, табыстар мен шығындардағы шығындар немесе үнемдеу ретінде көрсетіледі, және осы жағдайда, кейінге қалдырылған кіріс салығы кәсіпорындарды біріктіруді бастапқы танудан пайда болған кезде табыстар мен шығындардан тыс көрсетіледі. Кәсіпорындар біріктірілген жағдайда, салық әсері кәсіпорындарды біріктіру есебіне енгізіледі.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(мың теңге)*

**Жалға беру**

*Операциялық жалға беру*

Жалға беруші активке иелік құқығымен байланысты тәуекелдер мен табыстарды нақты сақтау кезіндегі жалға беру операциялық жалға беру ретінде жіктеледі. Операциялық жалға беру бойынша жалға алу беру мерзіміне сүйене отырып, тура әдіс негізіндегі басқа жиынтық кіріс туралы төлемдер табыстар және шығындар есептілігінде шығындар ретінде көрсетіледі.

**Резервтер**

Резервтер, егер де Компанияның бұрынғы оқиға нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңдық немесе іс-тәжірибеден шығатын) болса, осы міндеттемені жабу үшін талап етілетін экономикалық пайдалардың ығысуы ықтимал болып табылады және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағалануын алуы мүмкін. Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы мыңызда болса, ақшаның ағымдағы нарықтық уақытша құнын көрсететін және міндеттемеге тән тәуекелдер ретті болған жерде салық салуға дейінгі мөлшерлеме бойынша

алдағы ақша қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде уақыт өтіп кету салдарынан резерваті арттыру пайыздар бойынша шығын ретінде танылады

**Қаржы құралдары**

Топ тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша бір тарап болған кезде, қаржы құралдары және қаржылық міндеттемелер Топтыңжылдық шоғырланған қаржылық жағдайы туралы есептілікте көрсетіледі.

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін сатып алу немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық шығындар (табыстар мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа), бастапқы тану кезінде тиісінше қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құнын арттырады немесе төмендетеді. Пайда мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей жататын транзакциялық шығындар, тікелей пайда мен шығындарға жатқызылады.

**Қаржы активтері**

Қаржы активтері келесі санаттарға жіктеледі: табыстар мен шығындар арқылы әділ құны бойынша («ТШАӘҚ»); Өтелгенге дейін ұсталып қалатын («ӨДҰ»); Сату үшін қолда бар («СҰҚБ»); сондай-ақ қарыздар мен дебиторлық қарыз. Қаржы активтерін бір санатқа жатқызу олардың ерекшеліктеріне және сатып алу мақсаттарына байланысты және оларды есепке алу кезінде болады.

**Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі**

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қарыз міндеттемесінің амортизацияланған құнын есептеу және тиісті кезеңге пайыздық кірістерді бөлу үшін қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл (ТПМ ажырағысыз бөлігі болып табылатын қарыз құралы бойынша алынған немесе жасалған төлемдерді, келісімді рәсімдеу бойынша шығындар және басқа да сыйлықақы немесе дисконттарды қоса алғанда) қарыз құралы өтелуге дейін күтілудегі мерзімге немесе қарыз құралы есепке алынған уақытындағы теңгерімдік құнға дейін бұдан да қысқа мерзімде күтілетін келешектегі ақшалай түсімдерді дисконттау мөлшерлемесі.

Қарыз құралдары бойынша кірістер пайда мен шығындар арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтерін қоспағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша көрсетіледі.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(мың теңге)*

**Өтелуге дейін ұсталатын инвестициялар**

Тіркелген немесе анықталған төлемдері немесе анықталатын төлемдері мен тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері Топ оларды өтеу мерзіміне дейін ұстауға қатты ниетті болғанда және қабілетті болғанда өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар бастапқы бағалағаннан кейін құнсыздану шығынын шегергенде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланыла отырып анықталатын амортизациялық құн бойынша бағаланады.

**Берілген қарыздар және дебиторлық қарыз**

Берілген қарыздар мен дебиторлық қарыз белсенді нарықта қолданылмайтын белгіленген немесе анықталған төлемдерімен туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Қарыздар және дебиторлық қарыз (сауда және басқа да дебиторлық қарызды қоса алғанда) құнсыздануды шегере тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Пайыздық кіріс қысқа мерзімді дебиторлық қарызды қоспағанда, пайызы маңызды болып саналмайтын тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы мойындалады.

**Қаржылық активтердің құнсыздануы**

Пайда мен шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтер санатын қоспағанда, қаржылық активтер әр есептілік кезеңінің соңында құнсыздану мәніне бағаланады. Қаржылық активтер есепке алынғаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиға нәтижесінде актив бойынша келешекте болжанды ақша ағымы төмендеуін куәландыратын объективті мәліметтер болған жағдайда құнсыздану мәніне бағаланады.

Құнсызданудың келесі объективті айғақтары:

- эмитент пен контрагенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- шартты бұзу, мысалы, пайыздарды немесе негізгі қарыз сомасын төлеуден бас тарту;
- қарыз алушы банкроттыққа ұшыраудың жоғары ықтималдығы;
- қаржылық қиындықтарға байланысты, осы қаржылық активтер үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

Қарыздар, дебиторлық қарыздар сияқты қаржылық активтердің жеке санаттары үшін жеке алғанда құнсызданған деп танылмаған активтер жалпы жиынтығы бойынша құнсыздану мәніне бағаланады. Қарыздар мен дебиторлық қарыздар жиынтығының құнын төмендетудің объективті белгісі Топтың қарыздарды өндіру бойынша бұрынғы тәжірибесі, Топ келісімдерімен белгіленген орташа мерзім ішінде (60 күн) жиынтық бойынша қарызды өтеу кезіндегі кідіріс санының артуы, сондай-ақ төлемдер бойынша әдетте дефолтпен қабаттасатын ұлттық және жергілікті экономикадағы маңызды өзгерістер болып табылады.

Амортизациялық құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер үшін құнсыздану салдарынан пайда болған шығын көлемі, активтің теңгерімдік құны мен қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданумен дисконтталған болжамды келешектегі ақша ағынының ағымдағы құны арасындағы айырмашылық сияқты есептеледі.

Сатып алу құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер үшін құнсыздану шығыны баламалы қаржылық актив үшін ағымдағы нарықтық пайыз мөлшерлемесін қолданумен дисконтталған болжамды келешектегі ақша ағынының құны арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Құнсызданудың ондай шығындары болашақ кезеңде қалпына келтіруге жатпайды.

Құнсыздану шығыны резервті қалыптастыру есебінен жүзеге асырылатын құнның төмендеуі қарыздар мен дебиторлық қарыздарды қоспағанда, барлық қаржылық активтердің теңгерімдік құнын тікелей төмендетеді. Үмітсіз деп танылған жағдайда, қарыздар мен дебиторлық қарыздар сондай-ақ резервтің есебінен есептен шығарылады. Бұрын есептен шығарылған сомаларды өтеу нәтижесінде алынған қарыздарды резерв есебінен несиелейді. Резервтің өзгерістері пайда мен шығында көрсетіледі.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(мың теңге)*

Егер кейігі кезеңде амортизациялық құны бойынша ескерілетін қаржылық активтің құнсыздануына байланысты шығын көлемі төмендесе, ондай төмендеу құнсыздануды танудан кейін орын алған оқиғаға объективті түрде байлануы мүмкін, құнсыздануға байланысты бұрын көрсетілген шығын, пайда мен шығындар есебінен қалпына келтіріледі. Бұл ретте құнсызданудан келген шығын қалпына келтірілген күні қаржылық активтердің теңгерімдік құны, құнсыздану танылмаған жағдайда, көрсетілген амортизацияланған құнан аса алмайды.

**Қаржы активтерін тануды тоқтату**

Топ қаржы активтері бойынша ақша ағындарына шарттық құқықтар тоқтатылған жағдайда немесе басқа тарапқа қаржы активі мен тиісті тәуекелдерді және пайданы табыстаған жағдайда ғана қаржы активтерін тануды тоқтатады. Егер Топ активтерді иеленуден барлық негізгі тәуекел мен пайданы табыстап, сақтамайтын және табысталған активті бақылауды жалғастыратын болса, онда ол осы активте өз үлесін және оған байланысты ықтимал міндеттемелерді көрсетуін жалғастырады. Егер Топ табысталған қаржы активін иеленуден барлық тәуекел мен пайданы іс жүзінде сақтайтын болса, онда ол осы қаржы активін ескеруді жалғастырады, ал табыстау кезінде алынған қаражат қамтамасыз етілген қарыз түрінде көрсетеді.

Қаржы активтің толық есептен шығарған кезде активтің теңгерімдік құны мен алынған және алыну тиіс сыйақының сомасының арасындағы айырмашылық, сонымен қатар өзге жиынтық кірісте танылған және капиталда жинақталған, жиынтық пайда немесе шығын пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

Егер қаржы активін тану толық тоқтатылмаса (мысалы, Топ табысталған активтің бөлігін сатып алу мүмкіндігін өзіне қалдыратын болса), онда Топ жалғасатын қатысу аясында Топ тануын жалғастыратын бөлік және Топтың енді танымайтын бөлігі арасындағы осы қаржы активінің алдыңғы теңгерімдік құнын, табыстау күніне осы бөліктердің әділ құнының салыстырмалы мәндеріне сүйене отырып үлестіреді. Есептен шығарылатын бөлікке үлестірілген теңгерімдік құн мен есептен шығарылатын бөлікке алынған сыйақының сомасы арасындағы айырмашылық, сонымен қатар өзге жиынтық кірісте танылған, оған бөлінген үез келген жинақталған пайда немесе залал пайдаға немесе залалға жатқызылады. Өзге жиынтық кірісте танылған, кірістер немесе шығыстар сонымен қатар ұсталатын және есептен шығарылатын бөліктердің әділ құнына пропорционалды үлестіріледі.

**Шығарылған қаржы міндеттемелері мен үлес құралдары**

*Міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеме*

Топтың кәсіпорны шығарған қарыз және үлес қаржы құралдары тиісті шарттың мәніне, сонымен қатар қарыз міндеттемесінің немесе үлес құралының анықтамаларына сүйене отырып, қаржы міндеттемелері немесе капитал ретінде жіктеледі.

*Үлес құралдары*

Үлес құралы – компанияның міндеттемелерін шегергенен кейін компания активтерінің үлесіне құқықты растайтын, кез келген шарт. Топтың шығарған үлес құралдары олардың шығарылуына жұмсалған тікелей шығындар шегеріліп, олар бойынша түсімлер тұрғысынан көрсетіледі.

Компанияның өз үлес құралдарын сатып алуы капиталдан тікелей шегеріледі. Компанияның өз акцияларын сатып алу, сату, шығару немесе күшін жою нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын пайдалар немесе шығындар құрамында көрсетіледі.

*Қаржы міндеттемелері*

Қаржы міндеттемелері немесе пайда мен шығын арқылы әділ құн (ПШӘҚ) бойынша қаржы міндеттемелері ретінде, немесе өзге қаржы міндеттемелері ретінде жіктеледі.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(мың теңге)*

**Өзге қаржы міндеттемелері**

Қарызды, сауда және өзге кредиторлық қарызды қоса алғанда, өзге қаржы міндеттемелері, транзакциялық шығындар шегеріліп әділ құн бойынша есепте көрсетіледі. Ары қарай, өзге қаржы міндеттемелері тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

**Кейінгі оқиғалар**

Есептік кезең аяқталғаннан кейін басталған және есептік күнге Топтың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпараттан тұратын оқиғалар (түзетуші оқиғалар) жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формаларында көрсетіледі. Есептік жыл аяқталғаннан кейін басталған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар егер олар елеулі болып табылатын болса, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік формаларына түсіндірме жазбада ашылады.

**5. БАҒАЛАУДАРДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ЖОЛ БЕРУЛЕР МЕН АНЫҚСЫЗДЫҚ КӨЗДЕРІ**

4 ескертпеде сипатталғандай, Топтың есептік саясатын қолдану процесінде, басшылық басқа көздерден айқын болып табылмайтын, активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына қатысты болжандар, бағалаулар мен жол берулер жасау тиіс. Бағалау мәндеру мен олардың негізінде жатқан жол берулер нақты мән-жайлар кезінде орынды деп саналатын, өткен тәжірибе мен өзге факторлардан құрылады. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан ерекшелене алады.

Бағалаулар мен оларға байланысты жол берулер үнемі қайта қарастырылады. Бағалаулардағы өзгерістер егер өзгерістер осы кезеңге ғана әсер ететін болса, бағалау қайта қарастырылған, сол кезеңде, немесе бағалау қайта қарастырылған, сол кезеңде, және егер өзгерістер ағымдағы, сонымен қатар болашақ кезеңдерге әсер ететін болса, болашақ кезеңдерде әсер етеді.

**Бағалаулардағы анықсыздықтың негізгі көздері**

**Активтердің құнсыздануы**

Топ әр есептік күнге негізгі құралдардың теңгерімдік құнын бағалаудың индикаторларын болуын тексеруді жүргізеді.

Активтің құнсыздану бағалаудың индикаторларын болуын анықтау теміржол индустриясының күтілетін өсімінде өзгерту, болжалды ақша ағындары, келешекте қаржыландыру қолжетімділігін өзгерту, технологиялық ескіру, қызмет көрсетуді тоқтату, сонымен қатар алмастыруға ағымдағы шығындар сияқты факторлардың үлкен көлеміне негізделеді.

Егер осындай индикаторлар болатын болса, активтің өтелетін құны бағаланып, активтің теңгерімдік құны салыстырылады. Егер теңгерімдік құн активтік өтелетін құнынан асатын болса, онда құнсыздану танылады. Өтелетін құн екі мәндерден ең үлкені ретінде анықталады: өткізуге шығыстар шегеріліп, активтің әділ құны мен пайдалану құны. Пайдалану құнын бағалау кезінде ақшалай қаражаттың есептік келешек ағындары Топтың басшылығының ойынша, ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарық құны мен активтерге тән тәуекелдерді көрсететін, капиталдың орташа салтақтандырылған құны (WACC) түзетілген мөлшерлемесі) базасында есептелген, салық салуға дейін дисконттың мөлшерлемесін пайдаланумен олардың ағымдағы құны бойынша дисконтталады. Бағаланатын өтелетін құнды өзгерту болашақ кезеңдерде оның құнсыздануына немесе қалпына келтірілуіне әкеп соқтыра алады.

Құнсыздану индикаторларының болуына қарай Топ 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша негізгі құралдардың құнсыздануына тестті өткізген болатын. Есептеуде пайдаланылған, басты ұзақ мерзімдік жол берулер 2017 ж. екінші тоқсанынан бастап тарифті реттеудің күшін жою, кейінгі жылдары инфляцияның болжалды көрсеткішіне ұлғайтылған 23%-ға орташамен алғанда тарифтің кейінгі ұлғайтылуы және 10.31% мөлшерінде дисконттаудың салыққа дейінгі мөлшерлемесі болды. 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша өткізілген тесттің нәтижелері бойынша құнсыздану анықталмаған.

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(мың теңге)*

Бұл ретте, пайдалану құндылығын есептеу келесі жол берулерге сезімтал: дисконттау мөлшерлемесі, активтерді ұстауға шығындардың жеткілікті болуы және қызметтік жалғастырылуы. Ел экономикасындағы жалпы беталыстарға, инфляция деңгейіне тарифтердің индекстелуінің жеткілікті болмауына, шетелдік валюталарға қатысты теңге бағамының жалғасатын құбылмалылығына, мемлекеттің қолдау деңгейіне байланысты жүк айналымы өсімінің жоспарланатын қарқындарындағы жағымсыз өзгерістер, сонымен қатар келешектегі өзге факторлардағы жағымсыз өзгерістер осындай өзгерістер болатын кезеңдерде құнсызданудан елеулі шығынның туындағына әкеп соқтыра алады.

**Шығыстарды капиталдандыру**

Топ ақаулықтардың болуына ірі техникалық тексерісті өткізу негізінде вагондардың пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде бір рет қана вагондардың қызмет ету мерзімін ұзартумен вагондарды күрделі жөндеуді өткізеді. Ірі техникалық тексерісті өткізу бойынша шығындар осындай вагондардың құнына капиталданады және қайта қаралған пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде біркелкі амортизацияланады. Ірі техникалық тексерісті өткізу кезінде пайдалы қызмет ету мерзімі 5-16 жылға ұлғайтылады.

**Негізгі құралдардың тозуы**

Негізгі құралдардың тозуы активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде түзу сызықты әдіс негізінде есептеледі. Топ өз активтерінің пайдалы қызмет ету мерзімдерін анықтайды. Пайдалы қызметтің болжалды мерзімдеріне, тарату құнына байланысты бағалаулар, сонымен қатар тозуды есептеу әдістері әр есептік күнге қайта қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Кез келген түзетулер есептік бағалауларда өзгеріс ретінде перспективті есептеледі. Пайдалы қызмет мерзімдеріне және активтердің тарату құнына қатысты бағалаулар күтілетін пайдалануға, жөндеу мен ұстау бойынша бағдарламаларға, қызмет көлемдеріне, технологияларды жетілдіруге және қызметтің басқа талаптарына тәуелді болады. Осы бағалаулар өзгеру нәтижесінде, тозу сомасы өткен жылдарда көрсетілген сомадан ерекшелене алады.

Топ пайдаланатын пайдалы қызметтің бағалау мерхзімдері төменде (жылдармен) берілген:

Гимараттар мен имараттар	10-140
Машиналар мен жабдықтар	3-59
Қозғалмалы құрам	10-40
Өзге көлік	4-15
Өзге негізгі құралдар	2-20

**Резервтер**

Топ күдікті қарыздар бойынша резервтерді жасайды. Елеулі пікірлер күдікті қарыздарды анықтаған кезде пайдаланылады. Күдікті қарыздарды анықтаған кезде сатып алушыларының тарихи және күтілетін мінез-құлқы қарастырылады. Экономикадағы өзгерістер немесе сатып алушының жеке талаптары жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің осы формаларында күдікті берешек бойынша резервті түзетуді талап ете алады.

**Қазақстандық салық салу жүйесіне байланысты шарттық міндеттемелер**

Әртүрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрқашан анық жазылмаға және олардың түсіндірілуі жергілікті салық инспекторлары мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің пікіріне байланысты болады.

Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлердің алшақ болуы сирек емес. Қазақстандық заңдардың, қаулылар мен стандарттардың мәлімделген және анықталған бұзушылықтарына қатысты айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеудің бар режімі өте қатаң. Санкциялар даулы сомаларды (валюталық реттеуді бұзғаны үшін) тіркілеуден, сонымен қатар қосымша есептелген салықтан әдетте, 50% мөлшерінде айыппұлдан тұрады. Өсімпұл мөлшері 22.5% құрайды. Нәтижесінде, айыппұлдар мен өсімпұлдар төмендетілуге әкеп соғатын кез-келген қате есептелген салықтардан көп рет асатын сомаға әкеп соқтыра алады.

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

(мың теңге)

Топтың басшылығы барлық қолданылатын салықты төледі немесе есептейді деп санайды. Анық болмаған жағдайларда Топ басшылықтың негізделген бағалаулары негізінде салық міндеттемелерін есептеді. Топтың саясаты сомасы дәлдіктің жеткілікті деңгеймен анықтала алатын заңалдың туындау ықтималдылығы болатын сол есептік кезеңде резервтердің құруы болжанады.

Кірісті соңғы (нақты) алушы Қазақстан Республикасының өзге бейрезиденттері бола алатын жағдайларда бейрезидент үшін төлем кезінен табыс салығының төмендетілген мөлшерлемесін қолданған кезде тәуекелдер ықтимал.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән анықсыздыққа қарай, салықтың, айыппұлдық санкциялар мен өсімпұлдың әлеуетті сомасы қазіргі таңда шығыстарға жатқызылған және 2016 ж. 31 желтоқсанға жағдайы бойынша есептелген сомадан асуы мүмкін. Егер ұсынылмаған талап-арыздар сомасы болатын болса, пайда бола алатын, олардың сомасын немесе кез-келген қолайсыз нәтиженің ықтималдылығын анықтау іс жүзінде мүмкін емес.

**6. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК ТЕҢГЕРІМНІҢ 010 ТАРМАҚ КОДЫ)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша теңгемен	653,076	371,564
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша АҚШ долларымен	140,913	1,459,960
Ағымдағы шоттардағы ақша рубльмен	138,632	513,941
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша еуромен	23,090	73,162
Қысқа мерзімдік банк салымдары теңгемен	-	3,416,840
	<u>955,711</u>	<u>5,835,467</u>

**7. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІК ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК ТЕҢГЕРІМНІҢ 015 ТАРМАҚ КОДЫ ЖӘНЕ 114 ТАРМАҚ КОДЫ)**

31 желтоқсандағы жағдайы бойынша өзге қаржы активтері 3-айдан артық өтелу мерзімімен банк депозиттерінен берілген:

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>		<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>	
	<b>Пайыз мөлшерлемесі</b>	<b>мың теңге</b>	<b>Пайыз мөлшерлемесі</b>	<b>мың теңге</b>
«Цеснабанк» АҚ	4.0%	66,658	5.3%	6,015,253
«Еуразиялық банк» АҚ	-	-	5.3%	68,003
«Жинақбанк» АҚ	3.0%	18,331	13.5%	5,000
		<u>84,989</u>		<u>6,088,256</u>
Есептелген сыйақы		<u>14,281</u>		<u>58</u>
		<u>99,270</u>		<u>6,088,314</u>

31 желтоқсандағы жағдайы бойынша өзге қаржы активтері келесі валюталарда берілген:

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
АҚШ доллары	99,270	6,083,256
Теңге	-	5,058
	<u>99,270</u>	<u>6,088,314</u>

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

(Мың теңге)

31 желтоқсандағы жағдайы бойынша өзге қаржы активтері байланыста тараптардан қарызбен берілген:

	Өтеу күні	Пайыздық мөлшерлемесі, жылына %	АҚШ доллары	2016 ж. мың теңге	2015 ж. АҚШ доллары	2015 ж. мың теңге
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	2016 ж. 11 мамыр	7.8433%	-	-	324,000,000	109,988,280
«ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ (2016 ж. маусымына дейін «Локомотив» АҚ)	2016 ж. 11 мамыр	7.8433%	-	-	26,000,000	8,826,220
Қоса алғанда/ (шегеріп):						
Қарыздың әділ құны бойынша түзету			-	-	(358,079)	(121,558)
Есептелген пайыздар			-	-	3,452,141	1,171,898
Берілген қарыз жиыны			-	-	353,094,062	119,864,840
Ағымдағы бөлік шегеріліп			-	-	(353,094,062)	(119,864,840)
			-	-	-	-

2006 ж. мамыр айында Компанияның еншілес ұйымы, KazakhstanTemirZholyFinance B.V. (бұдан әрі - «Эмитент» немесе «KTZhFinance B.V.»), Еурооблигациялар шығарып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на және оның еншілес ұйымы «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ-на ұзақ мерзімдік қарыз берді.

2016 жылдың мамыр айында осы қарыз өтелген болатын.

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға 3,361,926 мың теңге (2015 ж.: 6,086,858 мың теңге) (24 ескертпе) сомасына пайыз түрінде кіріс есептелді.

**В. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІК САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК  
(ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК ТЕҢГЕРІМНІҢ 016 ТАРМАҚ КОДЫ)**

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешек	10,733,575	7,190,854
Жұмыскерлердің берешегі	85,445	103,440
Басқа қысқа мерзімдік дебиторлық берешек	1,399,389	5,635,495
	12,218,409	12,929,789
Шегерілу: Күдікті қарыз бойынша резерв	(1,459,516)	(2,345,363)
	10,758,893	10,584,426

2016 ж. 31 желтоқсанына байланысты тараптарға көрсетілген қызметтерге сауда дебиторлық берешегі 25% (2015 ж. 31 желтоқсан: 57.6%) Топтың сауда дебиторлық берешегінің жалпы сомасынан құрады. Байланысты тараптардан сауда дебиторлық берешегінің сомасы 30 ескертпеде келтірілген.

2016 және 2015 жж. 31 желтоқсанына сауда және басқа дебиторлық берешек, негізінен, Қазақстан Республикасынан сатып алушылардың берешегінен тұрады.

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ****2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)***(мың теңге)*

31 желтоқсанға туындау мерзімі бойынша құнсызданбаған сауда және басқа дебиторлық берешекті талдау төменде берілген:

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
60 күннен аз	10,014,428	10,478,837
60-90 күн	31,377	101,744
91-120 күн	533,088	3,845
<b>Жиыны</b>	<b>10,758,893</b>	<b>10,584,426</b>

31 желтоқсанға туындау мерзімі бойынша құнсызданбаған сауда және басқа дебиторлық берешекті талдау төменде берілген:

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
60-90 күн	4,247	366
91-120 күн	270	7,091
121 күннен астам	1,454,999	2,337,906
<b>Жиыны</b>	<b>1,459,516</b>	<b>2,345,363</b>

31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Топтың сауда және басқа дебиторлық берешегі келесі валюталарда көрсетілген:

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Теңге	10,671,582	10,195,239
Ресей рублі	64,130	388,126
АҚШ доллары	23,181	1,061
	<b>10,758,893</b>	<b>10,584,426</b>

31 желтоқсанға аяқталған жылдарға сауда дебиторлық берешегі бойынша резервтегі қозғалыс келесі жолмен берілген:

	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Жылдың басына күдікті қарыз бойынша резерв	(2,345,363)	(1,016,391)
Жылға есептелді	885,847	(1,328,972)
Бұрын құрылған резерв есебінен жыл ішінде есептен шығарылды	-	-
<b>Жылдың соңына күдікті қарыз бойынша резерв</b>	<b>(1,459,516)</b>	<b>(2,345,363)</b>

**9. ҚОРЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК ТЕҢГЕРІМНІҢ 018 ТАРМАҚ КОДЫ)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Қосалқы бөлшектер	4,255,514	3,529,887
Шикізат пен материалдар	478,305	580,257
Өзгелері	416,832	472,850
	<b>5,150,651</b>	<b>4,582,994</b>

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

**10. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК ТЕҢГЕРІМ  
ТАРМАҒЫНЫҢ КОДЫ 019)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Өтелетін қосымша құн салығы	2,274,497	2,801,729
Жеткізушілерге төленген аванс төлемдері	928,088	4,403,388
Келешек кезеңнің шығындары	209,894	172,305
Кіріс салығынан басқа, салықтар бойынша алдың ала төлеу	<u>2,778</u>	<u>5,753</u>
	3,415,257	7,383,175
Минус: Күмәнді қарыз бойынша қор	<u>(11,202)</u>	<u>(10,186)</u>
	<u>3,404,055</u>	<u>7,372,989</u>

2015 және 2016 жж. 31 желтоқсандағы ахуал бойынша өзге ағымдағы активтер теңгемен көрсетілді.

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін өзге қысқа мерзімді активтер бойынша қордағы қозғалыс келесі қалыпта көрсетілген:

	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Жыл басына күмәнді қарыздар бойынша қор	(10,186)	(9,769)
Жыл ішінде есептелгені	(1,016)	(417)
Бұрын құралған қор үшін жыл ішінде шығынға жазу	<u>-</u>	<u>-</u>
Жыл соңына күмәнді қарыз бойынша қор	<u>(11,202)</u>	<u>(10,186)</u>

**11. Сату үшін арналған активтер (немесе шығып қалған топтар) (шоғырландырылған  
бухгалтерлік теңгерім тармағының коды 101 және 301)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
«АстықТранс» АҚ 50% үлесі	3,874,398	-
«Региональная форвордная логистика» ЖШҚ («РФЛ» ЖШҚ) 90% үлесі	3,303,572	-
«Көліктік қызмет орталығы» АҚ («КТО» АҚ) 100% үлесі	1,326,057	-
Өткізім үшін арналған жүк вагондары	163,552	122,397
«Изумрудный квартал» әкімшілік ғимараты	<u>-</u>	<u>4,997,502</u>
	8,667,579	5,119,899
Сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтермен байланыстырылған міндеттемелер	<u>(3,638,088)</u>	<u>-</u>
Барлығы	<u>5,029,491</u>	<u>5,119,899</u>

2016 ж. 30 желтоқсанда «АстықТранс» АҚ, «РФЛ» ЖШҚ және «КТО» АҚ үлесін сату бойынша электронды сауда-саттық болып өтті. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша топ еншілес ұйымдардағы және бірлескен кәсіпорындардағы инвестицияларды сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтерге топтастырды.

2015 ж. 29 желтоқсанда топ «Изумрудный квартал» әкімшілік ғимаратындағы үлесін сатып алу-сату шартын жасасты. 2016 ж. сатып алушы осы шарт бойынша 4,997,502 мың теңге сомасында қарызды өтеді және меншік құқығын иеленді.

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

Сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтер және сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтермен байланыстырылған міндеттемелер келесі қалыпта көрсетілген:

	<b>«РФЛ»ЖШҚ 2016 ж. 31желтоқсан</b>	<b>«КТО» АҚ 2016 ж. 31желтоқсан</b>	<b>Барлығы 2016 ж. 31желтоқсан</b>
Негізгі қаражат	11,340	593,380	604,720
Материалдық емес активтер	-	449	449
Тауар-материалдық қоры	-	3,134	3,134
Сауда дебиторлық қарыз	2,435,081	161,255	2,596,336
Кіріс салығы бойынша алдын ала төлем	72,215	163,762	235,977
Өзге салықтар бойынша артық төлем	684	293,581	294,265
Өзге ағымдағы активтер	579,865	37,416	617,281
Ақшалай қаражаттары және олардың баламалары	204,387	73,080	277,467
<b>Сату үшін арналған активтер</b>	<b>3,303,572</b>	<b>1,326,057</b>	<b>4,629,629</b>
Кейінге қалдырылған кіріс салығы бойынша міндеттемелер	-	(283,037)	(283,037)
Ұзақ мерзімді қарыз бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	-	(55,046)	(55,046)
Еңбек қызметінің аяқталуы бойынша қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	(9,942)	(4,791)	(14,733)
Сауда кредиторлық қарыз	(2,704,954)	(154,229)	(2,859,183)
Өзге салықтар және бюджетке міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер	(198,796)	(81,006)	(279,802)
Өзге ағымдағы міндеттемелер	(118,058)	(28,229)	(146,287)
<b>Сату үшін арналған активтерге қатысты міндеттемелер</b>	<b>(3,031,750)</b>	<b>(606,338)</b>	<b>(3,638,088)</b>
<b>Сату үшін арналған таза активтер</b>	<b>271,822</b>	<b>719,719</b>	<b>991,541</b>

**12. ҮЛЕСТІК ҚАТЫСУ ӘДІСІМЕН ЕСКЕРІЛЕТІН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК ТЕҢГЕРІМ ТАРМАҒЫНЫҢ КОДЫ 116)**

	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
1 қаңтардағы ахуал бойынша инвестициялар құны	3,464,364	3,024,081
Бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлесі	749,608	1,090,683
Негізгі қаражаттармен акционерлік капиталға Толтың салымы	-	273,417
Дивидендтер	(708,718)	(1,358,688)
Бірлескен кәсіпорынның акционерлік капиталына тапсырылған негізгі қаражаттарды қайта бағалаудан түскен пайда үлесі	369,144	434,871
<b>31 желтоқсандағы ахуал бойынша инвестициялар құны</b>	<b>3,874,398</b>	<b>3,464,364</b>
Инвестицияларды сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтерге қайта топтастыру (Ескерту 11)	(3,874,398)	-
<b>31 желтоқсан ахуалы бойынша инвестициялар құны</b>	<b>-</b>	<b>3,464,364</b>

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(мың теңге)**

2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуалы бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындары бойынша ақпарат келесідей көрсетілген:

Атауы	Негізгі қызмет	Негізгі қызметті жүзеге асыру мемлекеті/тіркелу мемлекеті	Меншік үлесі	Сайлау акцияларының үлесі
«РОССКАЗЖЕЛДОРТРАНС» ЖШҚ	Шетел нарығына жүк жөнелту	Ресей Федерациясы Қазақстан	50%	50%
«Астық Транс» АҚ	Астық тасымалдау	Республикасы	50%	50%

2016 және 2015 жж. 31 желтоқсандағы ахуал бойынша «РОССКАЗЖЕЛДОРТРАНС» ЖШҚ қызметін орындамайды, және инвестициялар құны нөлге тең.

2016 ж. 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Топ 2017 ж. «Астық Транс» акционерлік қоғамында 50% үлесін жүзеге асыруды жоспарлаумен байланысты сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтерге осы бірлескен кәсіпорынға инвестицияларды қайта топтастырды.

31 желтоқсандағы «Астық Транс» АҚ бірлескен кәсіпорнына қатысты жиынтық қаржы ақпараты:

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді активтер, соның ішінде: Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	9,208,863 244,557	8,749,928 1,267,603
Ұзақ мерзімді активтер	3,579,074	1,225,593
Барлығы активтер	12,032,494	9,975,521
Қысқа мерзімді міндеттемелер	4,260,606	2,948,695
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	23,092	98,098
Барлық міндеттемелер	4,283,698	3,046,793
Барлық таза активтер	7,748,796	6,928,728
Меншік үлесі	50.00%	50.00%
Толік тиесілі бірлескен кәсіпорынның таза активтері	3,874,398	3,464,364
Инвестициялардың теңгеріндік құны	3,874,398	3,464,364
Кіріс	19,671,787	16,596,757
Тозу және амортизация	(1,062,309)	(2,462,498)
Қаржы кірістері	677,505	430,815
Корпоративтік кіріс салығы бойынша шығындар	(729,268)	(401,004)
Жылдық пайда және барлық жиынтық кіріс	2,237,504	2,181,365
Бірлескен кәсіпорынның ортақ жиынтық кірістері Топтың үлесі	1,118,752	1,090,683

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(Мың теңге)

13. НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТТАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК ТЕНГЕРІМ ТАРМАҒЫНЫҢ КОДЫ 118)

Тарихи күн:	Жер	Ғимараттар және құрылыстар	Машиналар, жабдықтар	Темір жол көлігі	Өзге көлік	Басқалар	Аяқталмаған күрделі құрылыс	Барлығы
2015 ж. 1 қаңтар ахуалы	38,844	6,783,302	4,592,731	472,174,368	313,770	179,893	6,019,772	490,102,680
Түскені ішкі қозғалыс	-	-	6,704	-	-	5,030	9,883,761	9,895,495
Сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтерден аудару (Ескерту 11)	-	502,990	766,990	11,354,134	-	69,067	(12,693,181)	-
Бірлескен кәсіпорынның Акционерлік капиталына салым	-	-	-	(1,016,795)	-	-	-	(1,016,795)
Сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтерге аудару (11 Ескерту)	(30,702)	(5,628,104)	-	(2,987,615)	-	-	-	(8,646,421)
Шыққаны	-	(382)	(63,718)	(562,813)	(2,800)	(14,781)	(1,461,936)	(2,106,430)
2015 ж. 31 желтоқсан ахуалы	16,059	5,260,459	9,490,279	479,030,843	334,092	319,557	1,859,589	496,310,878
<b>Жинақталған тозу және кұнсыздану:</b>								
2015 ж. 1 қаңтар ахуалы	-	(809,910)	(1,587,706)	(96,851,972)	(149,872)	(105,954)	-	(99,505,414)
Жылына есептелген	-	(188,069)	(884,979)	(20,979,764)	(28,958)	(26,169)	-	(22,107,939)
Сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтерден аудару (11 Ескерту)	-	(122,583)	(1,140,259)	-	(1,339)	(25,781)	-	(1,289,962)
Бірлескен кәсіпорынның акционерлік капиталына салым	-	-	-	743,378	-	-	-	743,378
Сату үшін арналған ұзақ мерзімді активтерге аудару (11 Ескерту)	-	661,303	-	2,865,219	-	-	-	3,526,522
Шыққаны	-	36	61,227	28,083	2,800	13,909	-	106,055
2015 ж. 31 желтоқсан ахуалы	-	(459,223)	(3,551,717)	(114,195,056)	(177,369)	(143,995)	-	(118,527,360)
<b>2015 ж. 31 желтоқсандағы ахуал бойынша теңгерімдік күн</b>	<b>16,059</b>	<b>4,801,236</b>	<b>5,938,562</b>	<b>364,835,787</b>	<b>156,723</b>	<b>175,562</b>	<b>1,859,589</b>	<b>377,783,518</b>

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**  
(мың теңге)

Тарихи күні:	Жер	Ғимараттар және құрылыстар	Машиналар және жабдықтар	Темір жол келігі	Өзге көлік	Басқалар	Аяқталмаған кәсіптік құрылыс	Барлығы
2016 ж. 1 қаңтар ахуалы	16,059	5,260,459	9,490,279	479,030,843	334,092	319,557	1,859,589	496,310,878
Түскені Ішкі қозғалыс	-	29,968	2,150	-	-	11,508	477,522	516,148
Сату үшін арналған ұзақ мерімізді активтерге аудару (11 Ескерту) Шыққаны	-	74,571	9,736	-	-	37,633	(121,940)	-
2016 ж. 31 желтоқсан ахуалы	16,059	5,364,998	9,485,737	470,686,991	315,288	340,282	1,144,206	487,353,561
<b>Жинақталған тозу және құнсыздану:</b>								
2016 ж. 1 қаңтар ахуалы	-	(459,223)	(3,551,717)	(114,195,056)	(177,369)	(143,995)	-	(118,527,360)
Жылына есептелген	-	(98,911)	(901,707)	(19,498,193)	(27,105)	(30,645)	-	(20,556,561)
Сату үшін арналған ұзақ мерімізді активтерге аудару (11 Ескерту) Шыққаны	-	-	7,223	966,855	-	7,625	-	981,703
2016 ж. 31 желтоқсан ахуалы	-	-	7,641	4,134,897	11,374	7,148	-	4,161,060
2015 ж. 31 желтоқсандағы ахуал бойынша теңгерімдік құн	16,059	4,806,864	5,047,177	342,095,494	122,188	180,415	1,144,206	353,412,403

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ****2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ  
ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)***(мың теңге)*

